

Қазақстан Республикасы Министрінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі жекелеген мәселелер

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 4 ақпан N 82

Қазақстан Республикасы Президентінің "А.Б.Самақованы Қазақстан Республикасының министрі етіп тағайындау туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 27 Жарлығын іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрінің қызметін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрінің қызметі аясындағы негізгі міндеттері:
отбасын әйелдер мен балаларды әлеуметтік қолдау мәселелерін үйлестіру;
халықаралық әйелдер үйымдарымен отбасын, әйелдерді және балаларды қолдау
мәселелері жөніндегі ынтымақтастық;

Үкіметтің Қазақстан Республикасының Парламентімен өзара іс-қимылын
қамтамасыз етү;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жекелеген тапсырмаларын орындау
б о л ы п б е л г і л е н с і н .

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі екі апталық мерзім ішінде
Қазақстан Республикасының Министрі туралы ережені дайындасын және Үкіметтің
бекітуіне енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Қазақстан
Республикасы Министрінің қызметін, оның штат санын тиісінше 6 адамға ұлғайта
отырып, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі функциялар жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрі үшін 1 қызметтік жеңіл

автомобиль лимиті белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен
министрліктер мен ведомстволардың штат санын жүргізіліп отырған қысқартуға
байланысты респубикалық бюджеттің босаған қаражатының есебінен Қазақстан
Республикасының Министрін қаржыландыруды, сондай-ақ Премьер-Министрдің
Кеңесін қосымша қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК